

«Келісіді»  
Қамқоршылық кеңес  
төрағасы: О.Бегімжанов О.Бегімжанов

«1» 09 2023 ж.

"Бекітемін"  
Мектеп директоры: Т.Малбағаров Т.Малбағаров



«01» 09 2023 ж.

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ҚАРАҒҰР» ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
2023-2028 жылдар**

## I бөлім. Бағдарлама паспорты

### 1. КІРІСПЕ

Осы бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бес жылдық кезең ішіндегі білім мекемесінің негізгі даму бағыттары мен жолдарын анықтайтын стратегиялық құжат болып табылады. Басты бөлімде қысқаша сипаттама, мазмұны және бағдарламаның негізгі мақсаты көрсетіледі.

### I БӨЛІМ

#### ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бағдарламаның атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023-2028 жылдарға БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жыл 27 шілде №319 Заңы;</li><li>2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-ҮІ ҚРЗ;</li><li>3. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы;</li><li>4. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;</li><li>5. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы;</li><li>6. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;</li><li>7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;</li><li>8. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы</li><li>9. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы;</li><li>10. ҚР Оқу-ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы;</li><li>11. 2024-2025 жылдарға арналған «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасы аясында Түркістан облысында іске асырылатын ЖОЛ КАРТАСЫ;</li></ol>

	<p>12. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы);</p> <p>13. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы);</p> <p>14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76</p> <p>15. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп» КММ жарғысы</p>
<p>Бағдарламаны әзірлеуші</p>	<p>Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің мектеп әкімшілігі</p>
<p>Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері</p>	<p><b><u>Мақсаттары:</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту</li> <li>2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жадай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту;</li> <li>3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;</li> </ol> <p><b><u>Міндеттері:</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР Білім туралы заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай мұғалімдердің жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуіне және оларды тиімді қолдануына ықпал ету;</li> <li>2. Оқушыларға тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейде шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз ету;</li> <li>3. Деңгейлі бағдарламалардың идеяларын іске жүйелі асырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолымен мектептің білім сапасын көтеру;</li> <li>4. Білім берудің жаңартылған бағдарламасын енгізу барысында критериалды бағалауды жүйелі іске асыру;</li> <li>5. Педагогикалық озық тәжірибені жинақтау мен тарату жұмыстарын жетілдіру, ӘБ ішінде әрбір мұғалімнің оқытушылық қызметі қаралып, талдау жұмыстары жасалынып, озық тәжірибені жинақтап, мектеп пен аудан, облыс көлемінде таратуға ұсыну;</li> <li>6. Оқушылармен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын, пәндік олимпиаданы және байқауларға қатыстыруды жолға қою;</li> <li>7. Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйеленіп, оқушылар әр түрлі аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға жүйелі қатыстыру;</li> <li>8. Оқушыны заман талабына сай, патриот, азаматтық ұстанымы зор тұлғаны тәрбиелеу;</li> </ol>

	<p>9. Оқушылардың және мұғалімдерің еңбегінде қиыншылықтарды жою мақсатында психологиялық қызметінің жұмысын жандандыру;</p> <p>10. Қашықтықтан оқыту процесін, оның ішінде техникалық жағдайды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;</p> <p>11. Білім алушылардың қашықтықтан оқу қызметін ұйымдастыру, пән мұғалімдерімен әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;</p> <p>12. Халықаралық зерттеу жұмыстарына дайындық жүргізу.</p>
<p>Іске асыру мерзімдері мен кезеңдері</p>	<p>2023 жылдың қыркүйегінен – 2028 жылғы маусым аралығы</p> <p>I – кезең 2023 – 2024 жылдар</p> <p>II – кезең 2024 – 2025 жылдар</p> <p>III – кезең 2025 – 2026 жылдар</p> <p>IV – кезең 2026-2027 жылдар</p> <p>V – кезең 2027-2028 жылдар</p>

## II БӨЛІМ

### II бөлім. Ағымдағы жай- күйді талдау

Қарағұр» жалпы білім беретін мектебі Қарақұр ауылының қабілетті, дарынды балаларына сапалы білім, саналы тәрбие беріп отырған іргелі білім ордасы. Алғаш 1930 жылы іргетасы қаланып сауат ашу мектебі болып ашылған білім беру ордасы мектеп оқушыларының білімін шыңдап аудандық, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындар иеленуіне зор үлесін қосып келеді.

1930-1933 жылдары "Қарақұр" сауат ашу мектебі

1933 жылы сауат ашу мектебі бастауыш мектеп болып өзгертілді

1937 жылы «Қаратау» бастауыш мектебі болып аталады

1944 жылы И.В.Панфилов атындағы жеті жылдық мектебі болып өзгертілді

1959 жылы жетіжылдық мектеп сегізжылдық болып өзгерді

1967-1968 оқу жылында Фридрих Энгельс атындағы орта мектеп болып өзгерді

1996 жылы «Қарағұр» жалпы орта мектебі атауын алады

2012 жылы «Қарағұр» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды

2023 жылы «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды

## **Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту**

**2020-2021 оқу жылда төрт сынып – жиынтығы мектепалды дайындық төрт сынып - жиынтықта** "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 432 сағатты (аптасына – 3 сағат), "Коммуникация" - 720 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" - 360 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" (аптасына – 5 сағат) - 720 сағатты, "Әлеумет" (аптасына – 1,5 сағат) - 216 сағатты құрады. Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы-2448 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 432 (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 2880 (аптасына – 20 сағат).

**2021-2022 оқу жылында мектепалды дайындық төрт сынып - жиынтықта** жұмыс жасады. "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 432 сағатты (аптасына – 3 сағат), "Коммуникация" - 720 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" - 360 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" (аптасына – 5 сағат) - 720 сағатты, "Әлеумет" (аптасына – 1,5 сағат) - 216 сағатты құрады. Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы-2448 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 432 (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 2880 (аптасына – 20 сағат).

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут көлемінде

**2022-2023 оқу жылында мектепалды дайындық үш сынып - жиынтықта** жұмыс жасады. "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 315 сағатты (аптасына – 3 сағат), "Коммуникация" - 525 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" – 262,5 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" (аптасына – 5 сағат) - 525 сағатты, "Әлеумет" (аптасына – 1,5 сағат) – 157,5 сағатты құрады. Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы-1785 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 315 (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 2100 (аптасына – 20 сағат).

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут көлемінде

## **Орта білім беру**

Мектеп оқушыларына сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан білім ошағында 79 жоғары білімді педагог жұмыс істейді.

### **Мұғалімдердің сапалық құрамы:**

- жоғары білімді мұғалім саны – 79
- магистр мұғалім – 2
- жоғары санатты –
- I санатты – 2 мұғалім
- Модератор – 30 мұғалім
- Сарапшы – 11 мұғалім
- Зерттеуші – 16

Білім алушылардың білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында пәндік нәтижелер білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді және базалық деңгейде, бейіналды жеті деңгейде (таңдап алған пәндерді тереңдетіп оқытатын үлгілік оқу жоспарларының негізінде) белгіленеді. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті минимум көлемін және олардың біліктілігі мен дағдыларын қамтиды. Білім мазмұнын меңгерудің пәндік нәтижелері 10 балдық бағалау жүйесімен бағаланады.

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылар мен түлектердің білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалық көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

### Оқу кезеңдері бойынша соңғы үш жылдағы мектеп білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері

к/с	Оқыту кезеңдері	2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
		барлығы	«5» пен «4»	Білім сапасы	барлығы	«5» пен «4»	Білім сапасы	барлығы	«5» пен «4»	Білім сапасы
	1-4 сыныптар	189	88	66%	157	103	66 %	150	94	62,5%
	5-9 сыныптар	236	123	52%	222	116	56 %	221	123	55,3%
	10-11 сыныптар	61	31	49,4%	69	37	54 %	83	53	58%
	Барлығы	486	242	56%	448	240	59 %	458	263	59%

### Соңғы үш жыл, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы, мектеп білім алушыларының білім сапасы мен оқу үлгерімдерінің көрсеткіштері

Оқу жылдары	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
Сыныптар	Білім сапасы	Оқу үлгерімі	Білім сапасы	Оқу үлгерімі	Білім сапасы	Оқу үлгерімі
2 «А»	68	100%	79	100%	58	100%
2 «Ә»	65	100%	57	100%	56	100%

2 «Б»	63	100%	77	100%	59	100%
3 «А»	69	100%	75	100%	72	100%
3 «Ә»	70	100%	52	100%	52	100%
3 «Б»	65	100%	64	100%		100%
4 «А»	64	100%	63	100%	65	100%
4 «Ә»	66	100%	61	100%	74	100%
4 «Б»			73	100%	64	100%
<b>1-4 сыныптар</b>	66	100	<b>66,8</b>	<b>100%</b>	<b>62,5</b>	<b>100%</b>
5 «А»	66	100%	78	100%	52	100%
5 «Ә»	70	100%	50	100%	55	100%
5 «Б»					66	100%
6 «А»	61	100%	53	100%	57	100%
6 «Ә»	66	100%	65	100%	76	100%
6 «Б»	37,5	100%		100%		100%
7 «А»	42	100%	44	100%	57	100%
7 «Ә»	44	100%	66	100%	56	100%
7 «Б»	61	100%	43	100%		100%
8 «А»	52,6	<b>100%</b>	50	<b>100%</b>	52	<b>100%</b>
8 «Ә»	52,9	100%	59	100%	63	100%
8 «Б»	40	100%	65	100%	46	100%
9 «А»	41	100%	67	100%	42	100%



9 «Ә»	42	100%	59	100%	58,8	100%
9 «Б»			40		58,8	
<b>5-9 сыныптар</b>	<b>52</b>	<b>100%</b>	<b>56</b>	<b>100%</b>	<b>55,3</b>	<b>100%</b>
10 «А»	55	100%	46	100%	74	100%
10 «Ә»	50	100%	48	100%	60	100%
10 «Б»		100%		100%	55	100%
11 «А»	42,8	<b>100%</b>	60	<b>100%</b>	55	<b>100%</b>
11 «Ә»	50	100%	62,5	100%	51	100%
11 «Б»		100%		100%		100%
<b>10-11</b>	<b>49,4</b>	<b>100%</b>	<b>54</b>	<b>100%</b>	<b>58</b>	<b>100%</b>
<b>1-11 сыныптар</b>	<b>56</b>	<b>100%</b>	<b>59</b>	<b>100%</b>	<b>59</b>	<b>100%</b>

Бұл жерде айта кететін жағдай 2020-2021 оқу жылында қашықтықтан оқу кезінде оқушылардың білім сапасы барлық пәндерде құбылмалы болып отырған. Қашықтықтан оқудың әсері одан кейінгі жылдарда да кейбір сыныптарда айқын байқалады. Дегенмен 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы білім алушылар, соңғы үш жылда 100% үлгерім берген. Білім сапасында алдыңғы жылдарға қарағанда аздап болса да, өсудің бар екендігін көрсетеді.

Мектептің педагогикалық ұжымының басты міндеті білім алушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, білім алушылардың білім сапасын арттыру болғандықтан, мектеп мұғалімдерін мектепшілік, аудандық, облыстық семинарларға қатысып, әріптестермен тәжірибе бөлісулеріне мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау көрсетілуде. Кесте бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуіне ықпал жасалуда. Пән мұғалімдерінің сабақты сапалы өткізуін, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасауларын бақылауда ұстауда.

## Марапаттары

- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» -
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» –
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хаты» –
- «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Құрмет грамотасы»- 5

- Облыс әкімінің «Алғыс хаты» - 5 мұғалім
- Түркістан облысы Білім басқармасының «Алғыс хаты» - 5 мұғалім

Жаңартылған білім мазмұны бойынша деңгейлік курстарынан өткен мұғалімдер мектеп ұжымын жаңа технология жаңалықтарымен үнемі хабардар етіп, деңгейлік курстар, коучинг сабақтар өткізіп оқушылардың білім деңгейін арттыруға үлес қосуда.

Мұғалімдер ақпараттық технологияны еркін қолданады. Жалпы білім беретін мектептің барлық мұғалімдері жыл сайын біліктілік арттыру курстарынан өткізіледі. Мұғалімдер арасында деңгейлік бағдарламасы бойынша және педагогикалық шеберлік орталығында, "Өрлеу" Республикалық біліктілік арттыру орталығында курстардан өткен ұстаздар еңбек етеді.

Жалпы білім беретін мектеп ұжымы білім беруде жоғары сапаға қол жеткізіп, үлгілі педагогикалық шеберлік, шығармашылық ізденіс үстінде шәкірттерге оқу-тәрбие беруде аянбай еңбек етуде.

2023-2024 оқу жылында сынып-комплект саны –30, оқушы саны 520. Жалпы білім беретін педагогикалық ұжымының жұмыс нәтижесінде оқушылардың айтарлықтай жетістіктері байқалады.

### Соңғы үш жылдағы мектеп бітірушілердің көрсеткіштері

2020-2021 оқу жылында «Алтын белгі» белгісіне– оқушы, «Үздік аттестатқа» - 1 оқушы бітірді;  
2021-2022 оқу жылында «Алтын белгі» белгісіне – 4 оқушы, «Үздік аттестатқа» - оқушы бітірді;  
2022-2023 оқу жылында «Алтын белгі» белгісіне - 1 оқушы, «Үздік аттестатқа» - 2 оқушы бітірді;

Жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы ойы ұшқыр, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, қазіргі заман талабына сай, өз елін сүйетін патриот азаматтарды тәрбиелеуде.

Жалпы орта білім беретін мектепте оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарынан соңғы үш жылда төмендегідей төмендегідей жетістіктерге жеткен.

2020-2021 оқу жылында пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде 4 оқушы 2 орын, 5 оқушы 3 орын иеленді

2021-2022 оқу жылында пәндік олимпиаданың Облыстық кезеңде 2 оқушы 3 орын, аудандық кезеңінде 1 оқушы 1 орын, 2 оқушы 2 орын, 1 оқушы 3 орын иеленді.

2022-2023 оқу жылында Облыстық кезең 2 оқушы 3 орын, аудандық кезеңде 2 оқушы 1 орын, 9 оқушы 2 орын, 4 оқушы 3 орын иеленді.

2020-2021 Ғылыми жобадан облыстық кезеңнен 1 оқушы 1 орын, 3 оқушы 2 орын, 3 оқушы 3 орынды иеленді  
2021-2022 Ғылыми жобадан облыстық кезеңнен 6 оқушы 3 орынды иеленді  
2022-2023 Ғылыми жобадан облыстық кезеңнен 2 оқушы 3 орынды иеленді

Мектеп түлектерінің 6,5%-ы техникалық мамандықтар бойынша еліміздің жоғарғы оқу орындарында білімін жалғастыруда.

### **Мектептің материалдық-техникалық базасы**

Жалпы білім беретін мектептің жаңа ғимарат 2009 жылы берілген. Оқу корпусының жалпы ауданы – 5986,0 ш.м., пайдалы ауданы – 3222,5 ш.м., жобалық қуаттылығы – 600 бала, 3 қабатты типтік ғимарат. Сынып кабинеттерінің саны – 28, жаңа модификацияланған химия – 1, физика – 1, биология – 1 кабинеттері, мультимедиялық – 1, информатика – 2 кабинеттері бар.

Жалпы компьютер саны - 58, интернет желісіне қосылған 56. Оқу-тәрбие процесінде оқушылар -32, мұғалімдер -26 компьютер колданады. Интернет желісінің жылдамдығы 30Мбит/с. Интерактивті тақта саны -8.

Лингафон кабинеті – 12 орындық, 7-11 сыныптарға арналған ағылшын тіліндегі электрондық оқулықтармен жабдықталған.

АӘД-ден «Әскери атақ» бөлмесі, шеруге дайындық алаңшары, қаруды сақтауға арналған бөлмелері бар. Темір өңдеу кабинетінде темір өңдеуге арналған, ағаш өңдеу кабинетінде ағаш өңдеуге арналған станоктар бар. Кең, жарық спорт залы балалардың бос уақыттарында спорттық секцияларға қатысуына мүмкіндік береді, спорт алаңы бар. 312 орындық АКТ залында түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі.

Кітапханадағы жалпы оқулық қоры – 18487. Оның 28865 мектеп оқулықтары, әдістемелік оқулық-270 дана.1970-і қазақ, 986-сы орыс тілдеріндегі көркем әдебиет. Оқырмандар интернет желісін пайдалана алады. Кітапхана бөлмесінде оқырмандарға арналған орындар, ақпараттық пункт, каталогтармен жұмыс істеуге арналған орындар бар.

Жалпы білім беретін мектептің ас блогы бөлек орналасқан. Ас блогының паспорты жасалған. Заманауи технологиямен ас пісіру қолға алынған. Тиісті құрал-жабдықтар (электр пеші, мұздатқыштар, т.б.) санитарлық нормаға сай қойылған. Асхананың эстетикалық безендірілуі жақсы, балалардың талап тілектерін жазуға дәптерлері арналған. Балалардың тамақтану нормаларына сәйкес ас мәзірі жасалған. Бастауыш сыныптардан 202 оқушы, жоғарғы сыныптардан әлеуметтік қолдауды қажет ететін 50 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі, 144 орындық асхана қажетті құралдармен жабдықталған. Медициналық кабинет - 3 блогтан тұрады егу бөлмесі, оқшауланған бөлме, дәрігер кабинеті. 1 медбике жұмыс істейді. Сыртқы және ішкі бейнебақылау жүйесі бар.

Жалпы білім беретін мектеп ұжымы ертеңгі ел тұтқасын ұстар жан-жақты, мектеп оқушыларын білім шыңына жетелеуде аянбай еңбек ете береді. Талабы таудай, қабілет-қарымы мол, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой бола бермек.

**«Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазіргі жай-күйін SWOT-талдау  
Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау**

Ағымдағы ахуалды талдау

<b>күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<p>Педагогикалық кадрлардың біліктілігінің жоғары деңгейі. «Педагог -зерттеуші», «педагог-шебер» санаттары бар педагогтардың үлесі – 16 мұғалім, 20,7 пайыз. «Педагог-сарапшы» санаттары бар мұғалім-11 мұғалім, 14 пайыз. «Педагог- модератор» -30 мұғалім, 38 пайыз. Педагогикалық кадрлардың біліктілілік курстарынан өтуі. Жаңартылған форматтағы біліктілік санаттардың өсуі - 72 пайыз Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша - 100 пайыз, 3. деңгейлік курстар арқылы біліктілікті арттыру - 30 пайыз Интернет желісіне қосылған қазіргі заманғы оқу кабинеттерінің, Компьютерлік сыныптардың , спортпен айналысу үшін жағдайлардың, тамақтанумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етудің болуы. Оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі. Интернет желісіне қосылудың болуы. Оқыту сапасына мониторинг жүргізу; Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі. Кәсіби білім жетілдірудің мол мүмкіндігі. Кешенді жаңартылған білім беру жүйесін іске асыру. Педагогтардың ішкі корпоративтік біліктілігін арттыру (коучинг). Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу. Ғылыми-әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру. Педагогикалық қызметкерлердің оқуы мен дамуы , мектепшілік бақылаудың жүргізілуі. Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнын (ОСО) іске асыру. Lesson Study зерттеуін жүргізу. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігінің мониторингі. Оқыту сапасының оң динамикасы. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың, ҰБТ-ның оң нәтижелері.</p>	<p>Авторлық бағдарламалар мен озат тәжірибелердің таратылмауы. Оқушыларды тәрбиелеу мен білім беруде ақпаратты құралдарды жеткіліксіз қолдану : Біліктілік курстарынан біліктілігін арттыруға жекелеген педагогтардың уәждемелерінің болмауы Ерекше балалардың қажеттілігіне бейімделген кедергісіз білім беру ортасының болмауы. Интерактивті тақта, мультимедиялық проектор, экран, сканер, принтер кабинетке қосымша қажет .Қосымша білім берумен және спорт секцияларымен жеткіліксіз қамту. Компьютер 30 пайыз ескірген , ауыстыруды қажет етеді. Компьютерлерді 30пайызға жаңарту. Білім сапасының жоғарғы пайызы-57,2 % (жеткіліксіз) 8-9 сыныптарда ЖМО пәндері бойынша көрсеткіштердің төмендеуі және теріс динамика Жеткіліксіз іске асыру: - оқудағы үлгерімсіздікті жеңу мақсатында оқушылармен жеке жұмыс; - барлық оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі; - мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы. 8-9 сыныптарда ЖМО пәндері бойынша көрсеткіштердің төмендеуі. Жеткіліксіз іске асыру: - оқудағы үлгерімсіздікті жеңу мақсатында оқушылармен жеке жұмыс; -барлық оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі; - мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы. Мектептің ұйымдастыру құрылымында тең-басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы. Сынып белсенділерінің жұмыстарының әлсіздігі; Кейбір ата-аналардың мектеппен байланысының төмендігі;</p>

<p>«Мың бала», «Айқанат» жобасына оқушылардың қатыстырылуы. Пәндік олимпиадалар, ғылыми жоба сайысындағы оқушылардың көрсеткіштері</p> <p>Ғылыми-әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру. Конкурстарда жүлдегерлер мен жеңімпаздардың санын арттыру.</p> <p>Оқуға құштар мектеп жобасының жүргізілуі.</p> <p>Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған шаралардың орындалуы ;</p> <p>«Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарының жұмыстарының жүйелілігі</p> <p>Мектеп дәстүрлерінің болуы. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің, "қауіп тобындағы" балалармен алдын алу кеңесінің жұмысы, аудан мектептерімен әлеуметтік серіктестік.</p> <p>Қылмыс пен қылмыстың алдын алу жөніндегі жұмыстардың орындалуы</p> <p>-4 сынып оқушыларын жаппай ыстық тамақпен қамту.</p> <p>Білім беру процесінде жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарының жоғары нәтижелігі .</p> <p>Психологиялық-педагогикалық алдын алу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуі.</p> <p>Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, медициналық–психологиялық–педагогикалық консилиум жұмысын тиімді атқару, Денсаулық мониторингі жүйесінің болуы, ыстық тамақ.</p>	
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктер</b></p> <p>Кезекті және мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш білдіру ;Аудандық білім бөлімінің әдіскерлерімен, облыстық білім басқармаларының әдіскерлерімен, ЖОО, «ӨРЛЕУ», ПШО сынды кадрлар дайындайтын мекемелермен тұрақты байланысу</p> <p>Сабақта АКТ қолдану үшін интернетті пайдалану мүмкіндіктерін Интернет желісінің төмен болуы.</p> <p>қарастыру.</p> <p>Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру үшін түрлі курстарға қатыстыруға;</p> <p>АКТ – ның мүмкіндіктерін толық пайдалануға;</p> <p>I тоқсан қорытындысымен төмен сапа берген 6 «А», 9 «А», 9 «Б»</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіптер</b></p> <p>Ерекше балалардың қажеттіліктеріне бейімделген кедергісіз білім беру ортасын құру үшін интернет желісімен толық қамтамасыз етілмеуі, интернет желісінің төмендігі;</p> <p>Ата-аналар мен оқушылардың мектеп интернет-ресурстарын тұрақты пайдаланбауы.</p> <p>Кибербуллинг қауіпті ойындардың таралуы.</p> <p>Кәсіби қоғамдастықтың және зерттеу сұрағымен айналысатын ұстаздардың жұмыстарының бәсеңдеуі;</p> <p>Кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарының білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыруда бей-жай қарауы</p>

<p>сыныптарының білім сапасын арттыру мақсатында қайта бақылауға қойылды II тоқсан қорытындымен білім сапасы төмен болған 7 «Ә», 9 «Б» сыныптарының білім сапасын арттыру мақсатында қайта бақылауға қойылды. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға мүмкіндік берілді. Білім беру нәтижелеріне педагогтардың, ата-аналардың қызығушылығы арттыру. Оқушылардың жеке білім беру бағыттарын жүзеге асыру жолға қойылды.</p> <p>Мектепте басқару моделін жетілдіру. Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының іс-шараларына енгізу. Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру</p> <p>Оқушылар үшін таза ауада қозғалу белсенділігін (ойындар) ұйымдастыру. Балалар мен ата-аналардың дене шынықтыру-сауықтыру және ағартушылық бірлескен іс-шараларын өткізу. Қиын балаларды мектептің қоғамдық жұмыстарына тарту</p>	<p>Мектептің дарынды оқушыларының шамадан тыс жүктелуі. Интернетті аралық аттестаттауда және бақылау жұмыстарында білім көзі ретінде пайдалану</p> <p>Интернет желісінің өсуі. Контенттік (заңсыз және әдепсіз материалдар) және коммуникациялық тәуекелдердің болуы. БАҚ-тың өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына теріс әсері.</p> <p>Ата-аналардың өз жұмыс бастылығы; Кейбір ата-аналардың отбасылық құндылықтарды бала бойына сіңіруде отбасы тәрбиесінің төмендігі.</p>
---	--

### III бөлім. Миссиясы және пайымы

**Миссия:** педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы білім сапасын қамтамасыз ету.

**Пайымы:** педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы білім алушылардың білім сапасы артады. Функционалды сауаттылығы артып, IT құзыретті, шығармашыл, бәсекеге қабілетті саналы, салауатты тұлға қалыптасады.

### **Мақсаттары:**

1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жадай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту;
3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

### **Міндеттері:**

5. ҚР Білім туралы заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай мұғалімдердің жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуіне және оларды тиімді қолдануына ықпал ету;
6. Оқушыларға тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейде шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз ету;
7. Деңгейлі бағдарламалардың идеяларын іске жүйелі асырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолымен мектептің білім сапасын көтеру;
8. Білім берудің жаңартылған бағдарламасын енгізу барысында критериялды бағалауды жүйелі іске асыру;
5. Педагогикалық озық тәжірибені жинақтау мен тарату жұмыстарын жетілдіру, ӘБ ішінде әрбір мұғалімнің оқытушылық қызметі қаралып, талдау жұмыстары жасалынып, озық тәжірибені жинақтап, мектеп пен қала көлемінде таратуға ұсыну;
6. Оқушылармен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қою;
7. Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйеленіп, оқушылар әр түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға жүйелі қатыстыру;
8. Оқушыны заман талабына сай, патриот, азаматтық ұстанымы зор тұлғаны тәрбиелеу;
9. Оқушылардың және мұғалімдерің еңбегінде қиыншылықтарды жою мақсатында психологиялық қызметінің жұмысын жандандыру;
10. Қашықтықтан оқыту процесін, оның ішінде техникалық жағдайды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
11. Білім алушылардың қашықтықтан оқу қызметін ұйымдастыру, пән мұғалімдерімен әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;
12. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

### **Мектепті дамытудың басым бағыттары**

1. Білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту және мектеп педагогының мәртебесін арттыру;



2. білім беру мазмұнын жаңарту және оқушыларды тәрбиелеу арқылы білім беруді жаңғырту;
3. Қауіпсіз оқу ортасын құру
4. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету
5. білім беруді қаржыландыру, материалдық-техникалық жарақтандыруды және цифрлық инфрақұрылымды жақсарту.

#### IV бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлік	Жоспарлы түрде				
			2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы	2027-2028 оқу жылы
<b>1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру</b>							
1	Жаңа форматтағы аттестаттаудан өткен педагог кадрлардың	%	72 % (57)	84% (67)	88,6%(70)	92,4%	95% (75)

	үлесі (шебер, зерттеуші, сарапшы, модератор)					<b>(73)</b>	
<b>2</b>	Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог –сарапшылардың үлесі,	%	34,1% (27)	37,9 (30)	40,5 (33)	44,3 (35)	50 (40)
<b>6</b>	Педагог кадрларды біліктілік арттыру курсынан өтуі	%	10 % (8)	12 % (10)	15 % (12)	16,4 % (13)	18,8 % (15)
<b>7</b>	Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттыру (авторлық бағдарлама, оқулық т.б.)	саны	20,2% (16)	22% (17)	25,3% (20)	31,6% (25)	38% (30)
<b>2 міндет Мектептің материалдық –техникалық базасын нығайту</b>							
<b>1</b>	Химия, биология, физика кабинеттерін жаңа модификацияда жабдықтау	%	33,3%	66,6	66,6%	100%	100%
<b>2</b>	Робототехник кабинетін ашу	%	100%	100%	100%	100%	100%
<b>3</b>	Лингофон кабинеттерін жабдықтау	%	100%	100%	100%	100%	100%
<b>4</b>	Мектеп асханасының тоңазытқышын, пешін жаңалау	%	50%	100%	100%	100%	100%
<b>5</b>	Мәжіліс залының орындықтарын ауыстыру	%	100%	100%	100%	100%	100%
<b>3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру</b>							
<b>1</b>	Түлектер ассоциациясымен кездесу	<b>Саны</b>	9	9	9	9	9
<b>2</b>	Жалпы білім беретін мектеп парламентінің құрамын жасақтау	<b>Саны</b>	10	10	10	10	10
<b>3</b>	Оқушылар парламенті өткізетін іс-шараларға оқушылардың қатысу үлесі	%	100%	100%	100%	100%	100%
<b>4</b>	Жастар форумына қатысушылардың үлесі	%	2%	2%	3%	3%	3%
<b>5</b>	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына оқушы қабылдау	<b>Саны</b>	50	60	70	80	90
<b>6</b>	«Полицияның жас көмекшілері» қатарына оқушы қабылдау	<b>саны</b>	5	10	20	30	40
<b>7</b>	Қоғамдық қызмет» әлеуметтік балалар волонтерлік жобасына қатысушылардың үлесі	%	0	10%	10%	12%	15%
<b>4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту</b>							
<b>1</b>	Жалпы білім беретін мектеп директорының менеджмент саласы бойынша курстан өтуі	<b>Саны</b>	1			1	1
<b>2</b>	Оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының курстан өтуі	<b>Саны</b>	1	1	1	1	1
<b>5 міндет Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру</b>							
<b>1.</b>		%	50	60	70	80	90
	<b>Ұлттық мүдде құндылығы:</b>						

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;</li> <li>- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;</li> <li>- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;</li> <li>- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;</li> <li>- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;</li> <li>- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;</li> <li>- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;</li> </ul>						
2.	<p style="text-align: center;"><b>Ар-ұятқұндылығы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;</li> <li>- Адал еңбекті құрметтеу;</li> <li>- Сөзіне берік, ісіне адал болу;</li> <li>- Халқына адал қызмет ету</li> <li>- Әдеп нормаларын ұстану;</li> <li>- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;</li> <li>- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу</li> </ul>	%	55	65	75	85	95
3.	<p style="text-align: center;"><b>Талап құндылығы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сыни және креативті ойлау;</li> <li>- Жеке және командамен жұмыс істей білу;</li> <li>- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;</li> <li>- Физикалық белсенді болу;</li> <li>- Салауатты өмір салтын ұстану;</li> <li>- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;</li> <li>- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;</li> </ul>	%	40	50	60	70	80

	- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.						
<b>6 міндет. Білім сапасын бағалау</b>							
1	<b>PISA</b> , тестілеу нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасының көрсеткіші. (Математика бойынша: орташа балл, жаратылыстану бағыты бойынша )	балл	400	410	415	425	430
2	<b>PISA</b> , тестілеу нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасының көрсеткіші. (Оқу сауаттылығы бойынша: орташа балл)	балл	350	380	400	420	450
3	ББЖМ бойынша білім сапасының көрсеткіштері 4-сынып 9-сынып	<b>балл</b>	18 52	20 54	22 56	24 60	25 65
4	Түлектердің мемлекеттік грантты иеленуінің көрсеткіші	%	22,8 % (8)	20,8% (10)	21,5% 11	31,5% (12)	50 % (13)
5	Сырттай бағалау (аттестация) көрсеткіші	%	-	70%	-	-	-
6	Мектепшілік білім сапасының көрсеткіші	%	62,5	65	70	75	75
7	Олимпиадалар	саны	15	25	27	32	34
8	Ғылыми жобалар 8.1 «Зерде» 2-7 сыныптар 8.2	<b>саны</b>	3	4	5	5	6
9	Түрлі байқаулар Бастау Ақбота Кенгуру Алтын сақа Алтын тұғыр	<b>саны</b>	1 30 35 4 1	1 35 36 5 1	2 35 36 5 1	2 35 36 5 1	2 35 36 5 1
<b>7 міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу</b>							
1	ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасы	%	100%	100%	100%	100%	100%
2	Заманауи технологияларды меңгерту	%	100%	100%	100%	100%	100%
3	Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану	%	100%	100%	100%	100%	100%
4	Бағалау критерийлерін пайдалану мен тапсырмаларға дискрипторлар құрастыру	%	100%	100%	100%	100%	100%
5	Жас мамандарға әдістемелік көмектер көрсету	%	100%	100%	100%	100%	100%
6	Оқытудың белсенді әдістері мен формаларын қолдану жолдары	%	100%	100%	100%	100%	100%
7	Семинар, шебер-сынып, апталық, онкүндік, айлық іс-шаралар	%	100%	100%	100%	100%	100%

8	Біліктілікті арттыру курстарынан кейінгі тақырыптық сүйемелдеу	%	100%	100%	100%	100%	100%
---	--	---	------	------	------	------	------

2028 жылғы күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның негізгі ережелері мен бағыттарын іске асыру:

- Білім алушылардың сапалы орта білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- қалыптасқан жаһандық және ұлттық ойлауы бар зияткерлік, дене бітімі рухани дамыған және табысты азаматты қалыптастыру;
- Жаңа ғылыми жетістіктерді, жаңа технологияларды, ғылыми білімді қолдануға дайын болу арқылы сапалы білім беру қызметін ұсыну;
- Оқушыларға білім берудің жаңартылған мазмұны мен технологияларын енгізу;
- Білім алушылардың тілдік сауаттылығын қамтамасыз ету;
- Білім беру үдерістерін дербестендіру, білім беру траекториясының әр алуандығы үшін жағдай жасау;
- Оқушылардың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды, ұлттық сана сезімді, патриотизмді қалыптастыру және оқушы және оқушылардың азаматтық белсенділігін дамыту, үнемі өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуін дамыту;
- Педагогтардың өз бетінше білім алуы, өзін-өзі ұйымдастыруы және өзін-өзі бақылау мәдениетін дамытуы, қоршаған ортаның тұрақты өзгеретін жағдайында және кәсіби қызметте зерттеу тәртібін қалыптастыруы;
- Білім беруді жаңғырту саласындағы өңірлік және республикалық деңгейлерде жоғары рейтингке жету және мектепті мойындауға бағытталған ұсыныстарды қабылдау

#### V-бөлім. Мектептің даму бағдарламасының 2023-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

2023-2024 оқу жылы						
№	Іс шаралар атауы	Мақсаты	Мерзімі	Қатысушылар	Жауапты	Күтілетін нәтиже
<b>1.Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру</b>						
1	Біліктілікті арттыру курсынан өту	Жаңа білім мен дағдыны жетілдіру	Мамыр 2024ж	Пән мұғалімдері	ДОҒЖО	Білімі мен дағдысы жаңарып,жаңа әдіс тәсілдерді қолданады.
2	Педагог-шебер, педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы үлесін арттыру	Мұғалімдердің зертеушілік жұмысы артады	Желтоқсан 2023ж мамыр 2024ж	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері	ДОҒЖО	Жоба жұмысы 10 адамға артады.

3	Магистр дәрежесіндегі педагог кадрлардың үлесін арттыру	Педагог кадрлардың кәсіби әлеуетін арттыру	Шілде 2024 ж	Педагог қызметкерлер	ДОҒЖО	Білімі мен дағдысы жаңарып, жаңа әдіс тәсілдерді қолданады.
4	Робототехника техника курсынан өткен информатика пәні мұғалімдерінің ролі	Пән мұғалімдерінің робототехника техника бойынша біліктілігі артады	2023-2024 о\ж	Информатика пән мұғалімдері	ДОҒЖО	1-5 сынып оқушыларының мұғалімдерінің робототехника техникаға қызығушылығы артады.
5	Педагог кадрларды «Үздік мұғалім», «Цифрлық мұғалім» кәсіби т.б конкурстарға қатыстыру	Педагогтардың мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру	2023-2024 о\ж	Педагог қызметкерлер	ДОҒЖО	Ұжым мұғалімдеріне мотивация береді
<b>2. Мектептің материалды-техникалық базасын жақсарту.</b>						
1	Компьютерлерді жаңарту	Заманауи ақпарат-тандыруды қолдану	Желтоқсан 2023ж мамыр 2024ж	Білім бөлімі	ДШЖО	Білім сапасының артуына жағдай жасалады.
2	Интерактивті тақта	Интерактивті тақ – тамен қамтамасыз ету	Желтоқсан 2023ж мамыр 2024ж	Білім бөлімі	ДШЖО	Білім сапасының артуына жағдай жасалады
3	«Робототехника» жабдықтарын алу	«Робототехника» кабинетін жабдықтау	Желтоқсан 2023ж мамыр 2024ж	Білім бөлімі	ДШЖО	Оқушылардың жаңа өмірге құлшыныстары артады.
<b>3. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру</b>						
1	Түлектер ассоциациясымен кездесу	Бітіруші түлектер- ді мамандық таң- дауға бейімдеу	Қаңтар, мамыр 2024ж	Бітіруші түлектер	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Бітіруші түлектер мамандық таңдауға бейімдеу
2	Мектеп парламентінің құрамын жасақтау	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымын жетілдіру	Қаңтар, мамыр 2024ж	Парламент мүшелері	ДТІЖО, тәлімгер, мектеп	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысы артады.

					президенті	
3	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына оқушылар қабылдау	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына оқушылар қабылдау арқылы әділетті болуға тәрбиелеу	2023-2024 оқу жылы	Мектеп оқушылары	ДТІЖО, сынып жетекшілер	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына тіркелу арқылы жаңа Қазақстанның әділетті болашағы қалыптасады.
4	Білім алушыларды «Жас қыран», «Жас ұлан» қоғамдық қызметіне тарту	Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру	2023-2024 оқу жылы	Мектеп оқушылары	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жанданады.
5	Оқушылар арасында мектепшілік, зияткерлік турнирді, «Ұшқыр ой алаңы» пікірталас қозғалысын ұйымдастыру	Оқушылар арасында пікірталас қозғалысын ұйымдастыру	2023-2024 о\ж	Мектеп оқушылары	ДТІЖО, сынып жетекшілер	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жанданады.
